



UNESCO 150

Редакторлардың редакторы

«Қазақ» газетін шығару идеясы 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде Әлиханнның бастамасымен көтерілгені рас па? Және алғашқы санының беташар алғысөзін де Ахмет емес, Әлекең өзі жазыпты... «Алаш» идеясының дүниеге келген жері Қарқаралы екені қаншалықты қисынды сөз? Әңгіме осы тұстан басталды.

Алаш тарихына қатысты 1905 жылы Қоянды жәрмеңкесінде дүниеге келген әйгілі «Қарқаралы петициясының» орны ерекше. Тіпті, Алаш идеясы да сол жерде дүниеге келген болып есептеледі! Петицияда алғаш рет қазақ тілінде газет шығару, қазақ тілінде типография ашу бойынша нағыз демократиялық жолмен ресми органдарға хабар берілген. 1905 жылдың қазан айында Санкт-Петербургдың «Наша жизнь» газеті «Әлихан Бөкейхан өзінің жерлестерімен алдағы сайлау мәселесін және ана тілінде газет шығару ісін ақылдасу үшін Қырға жүріп кетті» деп жазды.

«Қазақ» газетінің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы болып тұрғанымен, 1905 жылға дейін Әлекеңдей баспасөз құралында талай жыл редакция қызметкері, саяси шолушы, тілші, публицист ретінде жұмыс істеп көрген тәжірибелі қайраткер болмаған. Әлиханнның алғашқы көсемсөздері 1889 жылы Омбы техникалық училищесінде оқып жүрген кездің өзінде «Особые прибавления к «Акмолинским областным ведомостям» және оның қосымшасы болып шығып тұрған «Дала уәлаяты» газетінде қос тілде жарияланып жатты.

1896-1897, 1902-1903 жылдары омбылық «Степной край» газетінің белді қайраткері, саяси шолушысы, қазақ сахарасы мен Сібір өлкесіндегі бірден-бір

Мирас АСАН, «Орталық Қазақстан»

«Қазақ жерінің әрбір тасы әр қазақтың кеудесіне түйме болып тағылуы керек» депті, қайран, Әлихан!

Ендеше, Әлекеңнің де әрбір сөзі – қазақтың санасына сына болып қағылуы керек. «Алаш» деген сөз түп атасынан түрлі сипатқа көшіп, XX ғасырдың басында қазақ дейтін қасиетті ұлттың қайта өрлеу идеясына айналды! Бұл – тура 1917 жылдың 8-12 қарашасы еді. Жалпыресейлік құрылтай жиынынан кейін-ақ, «Алаш» идеясы қазақты біртұтас ұлт қылып, қайта қалыптастырды.

Сексен бес жылдық сеңгір тарих ішінде қасиетті қарашаңырақ – «Орталық Қазақстанға» ордалы ойға шырақшы болған біраз тұлға ат шалдырыпты. Бейімбет Майлин, Ғабит Мүсірепов, Саттар Ерубаев... Алаш идеясын мәңгілік мұрат тұтқан сол жақсыларға жалғас – Әлихан Бөкейхан мұрасын зерттеуші ғалым Сұлтан Хан АҚҚҰЛЫ да редакция табалдырығын аттады. Бас редактордың арнайы шақыртуымен келген сұңғыла ғалым келелі әңгіме айтты. Жалпы оқырманға ұғынықты болуы үшін әңгіме бірінші жақтан баяндалғанын жөн көрдік.

ӘЛЕКЕҢ ӘЛЕМІНІҢ АҚИҚАТЫ



Шөуешекке сапар



тапсырма беруші – Әлихан. Дінмұхаммед Қонаев қайтыс боларының алдында «Қазақстан» ұлттық арнасына сұхбат беріп: - «Абай жолының» алғашқы қолжазба нұсқасын оқып едім. Автор Шәкерімді, Көкітайды, Тұрағұлды сондай сағынышпен жазған екен...» дейді. Кейін, өкінішке орай, ол кітап мүлде басқа сарында, өзгеше сипатта жарық көреді. Ұлы Мұқаң қайтыс болардың алдында жеке мұрағатына ешкімді жолатпауын аманаттапты. Әлихан сағынған Абай демек, әлі жарық көрген жоқ...

Ал, енді, өзіңіз ойлап қараңыз: Оларды кім сағынуы мүмкін? Үшеуімен де замандас, жақын дос, үзеңгілес болған Әлихан емес пе еді!

Осы сөзге атақты хакім Ақжан Машанидің «Абай жолының» екінші томын оқымай тастағанын қосамыз. «Дәтің жетпеді ме, батылың жетпеді ме? Қайдағы бір Михазлис келіп, Абайдың көзін ашты, өмірге көзқарасын бағыттады деген не сөз? Абайды үлкен жүрегімен бастағанын кейін оң аяғына дейін жеткізу керек еді...» деген сөзі бірінші әңгімемізге – қосымша. Әлекеңнің тұңғыш абайтанушы екендігіне, екі тұлғаның кездескен-кездеспегендігіне тұспалды жауап та – осы.

Ал, мына бір деректі тағы қайда

Қазақ халқының дұшпандары

«Россия мемлекетінде болып жатқан бүліншілік, жүгенсіздік біздің қазақ ішіне де кіре бастады. Болшевиктер Орынборды алғанда, 200 болшевик ғаскеріне бастық болып Жалбағәев – Жангелдин – Степнов деген шоқыншақ Орынборға келіп, болшевиктер тарапынан Торғай облысына камисар болып тұр. Бұған помощник болып Орынборда тұратын Мұхамедияр Тұнғашин деген белгіленді.

Енді бұлардың кім екендіктерін қысқаша айтып өтейін. Жалбағәев – Жангелдин – Степнов – түбі Торғай үйезінің қазағы, Николай заманында шоқынып, орыс арасында қаңғырып, басы ауған жаққа кетіп жүретін еді. Бұл күнде мұсылман дініне қайтыпты дегенді естиміз. Бұл бұрын орыстың поптарының христиан дінін үйрететін бастауыш мектебінде оқуын бітіре алмаған. Өзінің аз ғана өмірінің ішінде екі рет дінін айырбастап, иә орыс, иә қазақ бола алмай жүретін бұралқы еді.

Мұхамедияр Тұнғашин – түбі төренің төлеңгіті. Ырғыз үйезінен. Көшөгі Николай заманында губернаторға тілмаш болып, қазақтан көп пара алып, охраны отделеңде тыңшылық жұмысын атқарып, айына 20 сом алып тұрған адам. Бұның қазақтан пара алып, «тыңшы» болып тұрғаны мойнына қойылып, өткен жылғы апрель басында болған қазақ сиезінен қуылып шыққан еді.

Бұл екі бұзық қосылып, Орынборда бірнеше жылдан бері шығып, қазақ халқына бас-көз болып отырған «Қазақ» газетасын жапты. Алаш автономиясына қарсы болып, автономияға керекті істерді Торғай облысында істететін емес. Торғай облысында һәм үйездерде земство өзір ашылған жоқ еді. Енді бұлар бұл күнде обласной земствоны аштыратын емес һәм Торғай облысында учредителни сабрание байлауы да біткен жоқ еді. Мұның да сайлауын істететін түрлері көрінбейді. Бұлардың ғұмыры көпке бармас. Бірақ аз ғана күннің ішінде былтырғы хан болып, ел шалқан бұзықтарды сүйеп, Торғай облысының қазағын бүлдіре ме деген қорқыныш бар. Заман ол құлардың дегенінше тұрмас. Ол аузы алты қарыс Николайды да тақтан тайдырған заман ғой. Қазақ халқы да жоқ болып құрып қалмас. Көп кешікпей бұл бұзықтар қазақ сотының алдында жауап берер һәм тиісті жазасын тартар.

Россия мемлекеті бұзылып, орыс халқы бірі-бірін талап, өзді-өзіне қасқырша шауып жатқанда. Алаш автономиясының туын тігіп, бүліншілікке ұшыратпай, алаш балаларының аман қалуын көздеп тұрғанда, автономия ісін тоқтатуы земство, учредителни сабрание сайлау жұмыстарына кесе түсуі, бұның үстіне бүтін алашты тегіс аралап, бас-көз болып тұрған «Қазақ» газетасын жауып қоюы бұл құларға аз іс емес. Бұл сықылды қазақ халқына зиян келтірген осы екі бұзықтан жаман қазақ халқының

Маркс идеясын насихаттаушы ретінде танылды. 1900-1905 жылдары «Киргизская степная газета», «Дала уәлаятының газеті», «Семипалатинские областные ведомости», «Семипалатинский листок», Ташкентте шығып тұрған «Туркестанские ведомости» газеттерімен тығыз байланыста болды. «Қазақ» газеті шыққанға дейін 1906-1907 жылдары жарық көрген Омбыда басылып тұрған кадет партиясының «Иртыш», «Омичь», «Голось Степи» басылымдарының бас редакторы болған. Сонда, баспасөз ісіне Әлекеңдей тәжірибелі адам болмағандығы тайға таңба басқандай айқындала түседі. Ендеше, «Қазақ» газетінің шығуына түрткі болған, мұрындық болған да Әлихан болып табылады. Тек бас редактор болып отыруына ұлт көсемінің саяси күрестен қолы босамаған. Оның үстіне «Қазаққа» Әлихан редактор болса, газеттің қуғын-сүргінге ұшырайтыны да сөзсіз еді.

«Қазақ» газеті 1913 жылдың 2 ақпанында жарыққа шыққан күнінен-ақ қалың қазақтың жүрегін жаулап алуының сыры неде? Бар сыры – Әлиханның бай тәжірибесінде жатты. Тіпті, 1915 жылы халықаралық басылымға айналып, Қытайдағы, Түркиядағы қазақтар жаздырып алып оқыған. 1915 жылы «Қазақ» газетінің таралымы 8 мың данаға жетті. Ол кезде Санкт-Петербурда шығатын Ресей империясындағы ең ықпалды конституциялық-демократиялық партияның «Речь», басқа оппозициялық «Сын отечества», «Наша жизнь» газеттерінің өзі 10 мың данаға жете бермейтін.

Әлихан бабамыздың жалпы шығармалар жинағы бүгінгі таңда 16-18 томды құрап отырған болса, оны Қазақстанның интеллектуалдық қазынасының қайнар көзі деп қастерлеуіміз керек. Соның ішінде табылмай отырған ең құнды екі еңбектің бірі – қазақтың жылқы тұқымдары мен жылқы шаруашылығы туралы еңбегі. Ол еңбек туралы 1928 жылы Мәскеуде Сергей Швецов деген ғалым Әлекеңе берген мінездемесінде айтып өтеді: Екінші жай, Алаш көсемінің қызы Елизаветаның (Қазақша – Зейнеп) еске алуынша, шамамен 1930 жылдардың бірінші жартысында әкесі француздың «Фигаро» газетімен құпия байланысып, газет бетінде оның мақалалары шығып тұрған сияқты. Әлімхан Ермеқұлының айтуынша, әлемнің 9 тілін еркін меңгерген Әлиханның бұл ісінде де қазақты бір ұшпаққа шығарам деген ниет барын кекірек көзі қырағы шолады. Ол сияқты құнды мұраға қол жетер күн де алыс емес-ау.

1925 жылы жазда Әлихан КСРО Ғылым академиясының антропологиялық экспедициясының экономикалық блогын бастап, ол кездегі Адай оязы, қазіргі Маңғыстау, Атырау, Ақтөбе облыстарын зерттеген. Бұл сурет сол кезде түсірілсе керек. Суретте

қақ ортада кепке киген, қырын қарап тұрған жас Әлкей Марғұланды да көруге болады. Осы экспедиция жұмысын ерте аяқтап, күзді күні С.Швецовпен екеуі Қызылордада А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатұлына қонаққа барып, вокзалда ұлт көсемін ҚазАССР халықкомының төрағасы Н.Нұрмақұлы күтіп алады. Қызылордадан Ақтөбеге оралған сәтінде Әлихан Сталиннің нұсқауымен тұтқындалып, Мәскеуге кісенделіп жеткізіліп, Бутыркаға жабылады. Қарт бәлшебек, лениншіл “ескі гвардияның” бір өкілі Василий Шелгунов Сталиннің Кремльдегі кабинетіне есікті қақпай кіріп келіп: – Коба (ол Сталинді әлі де «Коба» деп атайтын бәлшебектердің санаулысы еді), сен кімді тұтқындағаныңды білесің бе? Бұл – бізді марксизмге үйреткен Әлихан Бөкейхан, дереу босат! – дегенде, Сталин “ескі бәлшебектің” мысына қарсы тұра алмай, телефонмен “Босатыңдар!” деп нұсқау беруге мәжбүр болған.

Марксизмнің қазақ даласына елес болуына негіз жоқ

Әлекең Патша жандармериясының көзіне 1893 жылы Орман шаруашылығы институтында оқып жүрген студент шағында түскен. Жандармерия жансыздары жазбасында: «Орман институтындағы студенттердің толқуына мұрындық болып жүрген бір топ азамат бар. Солардың бірі – Әлихан», – деп жазылып, оған «личность сомнительной благонадёжности» деген мінездеме берілті. Мақтан ететін құбылыс – Әлекеңнің марксизм арқылы ұлттық идеяға келгендігі. Марксизмді толық меңгеріп болған Әлихан 1896-1906 жылдан бастап Щербина экспедициясымен бүкіл қазақ даласын аралайды. Қалың қазағының өзіндік салт-дәстүр, тұрмыс-салтына толық қаныққан Әлекең марксизм идеясының қазақ даласын елес болып кезуіне еш негіз жоқтығын айтады. 1917 жылы қазан айында Томскте өткен жалпы Сібір съезінде мәлімдегендей: «Әр халыққа өз білгенінше өмір сүруге, марксизмнің дайын қалыбымен емес, халықтың өз салт-дәстүріне сәйкес өз қалауынша өмір сүру құқын беру керек» дейтіні сол.

Ісі қазақтың ұлттық идеямен ғана қайта өрлеуінің, дамуының шыңына жете алатындығын ашып көрсеткен Әлекең.

Ресейдің мемлекеттік кітапханасының Химкидегі газет бөлімінде 1917 жылы Орынборда шығып тұрған бір газетте екінші жалпықазақ съезі жайлы айтыла келіп, Қазақ автономиясының атауына тоқтала кетіпті. Яғни, неге «Алаш» деп аталды? Оның түпкілікті мақсаты – ол кезде қара қырғыздар, бүгін қырғыздар мен басқа да

түркі-мұсылман халықтардың басын қосушы деген сөзге саятындығын ашып жазыпты. Бұл жайтты башқұрттардың XX ғасыр басында көсемі болған Зәки Уәлиди Тоған (Башқұрт автономиясын басқарған 1917-1920 жылдары - Ахмет-Заки Уәлидов - Валидов) Анкарада жарық көрген естеліктерінде нақтылап кеткен. Өз отарлығындағы түркі-мұсылман халықтардың бірігуінен патшалық Ресей ғана емес, советтік Ресей де түрпідей қорқып, 1924-1925 жылдары Қазақ автономиясынан Орынбор қаласы мен облысын тартып алып, қазақтан башқұрт пен татарды қасақана бөліп алды емес пе!

Әсет ақын – Алашордашыл тұлға

Әлихан Бөкейханның тапсырмасымен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған, құрамында Міржақып Дулатұлы, Садық Аманжолұлы, Райымжан Мәрсеқұлы және басқалар бар өкілетті делегациясының Қытайға қараған Шығыс Түркістан аумағындағы Шәуешек қаласына барып, жергілікті қазақ ауылдарын аралап, ұзақ қонуы. Бұл сапардың негізгі де түпкілікті мақсаты еш жерде ашық айтылып, жазылмаған. Бір мөліметке қарағанда, ол Алаш автономиясының делегациясы Шәуешекке Әлиханның жолдау-хатын жеткізгенге ұқсайды. Шәуешекте олардың құрметіне ән шырқалып, күй тартылып, балуан күрестірілген екен. Әсет ақынның «Алаш» атты толғауы мен Шәуешекте түсірілген жалғыз ғана фотосурет – осы сапардың куәсі болады. «Әсеттің ән сапарын сылтау еткен Әлихан Шығыс Түркістанның қазақтар басып тұратын өңірлерін Алаш автономиясына қосып алуды көздеген жоқ па?» деген ой да туады. Әйтпесе, азамат соғысы қайнап тұрған шақта Әсет ән салып, қазақ көңіл көтеретін заман ба?!

Ахмет Заки Валидов өзінің Түркияда жарық көрген мақалаларында жазып қалдырған естеліктерінен туатын тағы бір маңызды қорытынды: 1917 жылдың қарашасында Қоқан қаласында құрылған, тарихтан «Қоқан автономиясы» деген атаумен белгілі Түркістан мұхтарыяты да Әлиханның тапсырмасымен құрылған болып шығады.

Тұлға мен тобыр

Тарихқа тап келетін тұлғалар бар, жаңа тарих жасайтын тұлғалар бар. Есте тұтар екінші қағидат – тарихты тобыр емес, тұлға жасайтындығы.

Кейде Әлиханды Махатма Гандимен, Кемал Ататүрікпен салыстырамыз. Қате топтау. Ататүрік болса заманында дүркіреп тұрған алып империясының қаңқасын сақтап қалуға ғана тырысты. Ал, Әлихан түп-тұқиянымен жер жастанған Қазақ хандығының күлінің үстінен жаңа мемлекет тұрғызу жолында күш сарқыды. Өрі-беріден

соң, сол Кемал Ататүрік мемлекет басқару ісінде Міржақып Дулатұлын ұстаз тұтқан екен. Әлихан Бөкейханның шәкіртін, әділ үзегілесі. Сол кезде азаттықты аңсаған азаматтардың қатарында болған Түркияның тұңғыш президенті Мұстафа Кемал Ататүрік билікке келген бетте досы профессор Тайыр Шағатайға тапсырма беріп, «Оян, Қазақ!» кітабын түрік тіліне аударып шығартыпты деген тарих еске түскенде, Әлиханның зор тұлғасы Алаш баласы үшін тағы асқақтай түседі.

Әлихан мен Шәкерімнің туыстығы хақында бір сөз

Екеуі – бөле. Шәкерімнің шешесі мен Әлиханның шешесі – апалы-сіңілі. Әйгілі Мамай батырдың ұрпақтары болған. Шәкерімнің шешесі – Бошантай, Әлекеңнің шешесі – Бегім ханым. Енді, осы жерден тағы да өзімізге «Абай мен Әлихан кездесті ме, жоқ па?» деген сұрақ қойдық. Қойдық та оған Сұлтан Хан Аққұлы өзімізге жауап бергізді.

Мұхтар Әуезовке «Абай жолын» жаз деп

сол, мамай бір деректі тағы қалда қалдырамыз?

1904-1910 жылдары Семейде «Семипалатинские областные ведомости» деген газет шыққан. Осы газетте Семейдің Статистикалық комитетінің 1904 жылғы іс-әрекетінің есебі шығады. Осы есеп комиссиясында мүше болған азаматтардың аты-жөндері келтіріледі. Тізімге қарасаңыз, «Ибраһим Құнанбаев», «А.Букейханов» деп жазылған. Яғни, Әлекең мен Абай бір комиссияның құрамында болған. Сондықтан, олардың өзара жүздеспеуі мүмкін бе? Жүздесті ме? - деген сауалдың өзі қисынсыз емес пе?!

♦ ♦ ♦

Сұрқай саясат, зымиян ой, қолшоқпар қоғамның жетесіз тобы араласпағанда «Алаш» идеясы мұратына жетер де еді-ау?! Бұл жайтқа қатысты да өңгіменің, тіпті, ашық арнасына түстік. Бейтарап пікір ұстану журналистикалық тәртіп саналғандықтан, төменде алашшыл тұлға Міржақыптың мақаласын ғана тұтас бермекпіз. Оқырманның ой таразысы – ең әділ баға.

Мархабат!

осы екі бұзықтан жаман қазақ халқының дұшпандары бар ма?

Арғын баласы.
«Бірлік туы». 1918 ж. № 24.
Міржақып ДУЛАТҰЛЫ.

Жалпы, “Орталықтың” дөңгелек үстелінде өрбіген осы тұрпаттағы бүкпесіз, боямасыз әңгімелер, қазақтың бүгінгі көзі ашық, көкірегі ояу ұлтшыл жастарының сана-сына Алаш рухының салқар көшін әкеп тіресе деген тілек. Өкініштісі, біздің ғалымдарымыз да, журналисттеріміз де кешегі советтік іріп-шіріген идеологияның шырмауында қалып қоя береді. Шындықтың бір шетін аша қалсақ, “түбінде бір айтылар” деп бұғып жүре берген тарихтың шынайы бейнесі айқындала түсері анық.

Тарихи суреттер журналист Серікбол ХАСАННЫҢ жеке парақшасынан алынды.



КСРО Ғылым академиясы ұйымдастырған Қазақстанды зерттеу экспедициясы экономикалық отрядының толық құрамы. Алдыңғы қатардағы сол жақтағы бірінші отырған – Әлихан БӨКЕЙХАН.

Орталық Қазақстан.2016.13.ақпан.4,б.